

**Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасы Борис Вячеславович Грызловтың басшылығымен Ресей делегациясының Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 359-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 8-9 желтоқсанда Астана қаласында Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасы Борис Вячеславович Грызловтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар ) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:  
сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын  
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

сапарды өткізуге, оның ішінде қонақ үйде тұруға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 317463 (үш жүз он жеті мың төрт жүз алпыс үш) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, оларға көліктік қызмет көрсету және қабылдау жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген  
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасы арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының

әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі:

Қазақстандағы Ресей жылын салтанатты түрде жабуға арналған Гала-концерт өткізуді;

сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Ресей Федерациясының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін, Ресей Федерациясының делегациясы үшін мәдени бағдарлама ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының Төрағасын күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Ресей Федерациясы Федералды Жиналысының Мемлекеттік Думасы Төрағасының құрметіне қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының атынан концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 359-ө өкіміне қосымша

### **Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, оларға көліктік қызмет көрсету және қабылдау жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін 1+6 форматы бойынша Астана қаласында орналастыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінде орналастыру.

3. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

4. Ресей Федерациясының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарқанын ұйымдастыру.

5. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының атынан ресми

қ а б ы л д а у

ұ й ы м д а с т ы р у .

6. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан түскі ас ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК